



"Тұранбанк" қазақ акционерлік банкі мен AlemBank Kazakstan қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 15 қаңтар N 73

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің атынан акциясының 100 проценті Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиесілі "Тұранбанк" қазақ акционерлік банкі мен AlemBank Kazakstan қызметін тиімді басқару мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Тұранбанк" қазақ акционерлік банкі мен AlemBank Kazakstan оларды "ТұранӘлем Банк" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі "ТұранӘлем Банк") қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:
қосу жолымен оларды қайта ұйымдастыру мақсатында, белгіленген тәртіппен "Тұранбанк" және AlemBank Kazakstan банктері акционерлерінің жалпы жиналысын өткізсін;

"1997 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес "ТұранӘлем Банкінің" капиталын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген нормативтерге сәйкес жеткілікті деңгейге жеткізу және оның қалыпты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті қаржы бөлсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне банктің жарғысын

бекіту және оның басқару органдарын құру құқығымен "ТұранӘлем Банкінің" акцияларына иелік ету, оны пайдалану жөнінде құқық берілсін.

4. "ТұранӘлем Банкінің" Байқаушы кеңесінің құрамына қосымшаға сәйкес адамдарды;

"ТұранӘлем Банкі" басқармасының төрағасы етіп - Е.Н. Тәтішевті сайлау ұсынылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 15 қаңтардағы
N 73 қаулысына
Қосымша

"ТұранӘлем Банк" жабық акционерлік қоғамы Байқаушы
кеңесінің құрамына ұсынылған адамдардың
Т І З І М І

Тәжияқов Б.Ш. - Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі
төрағасының бірінші орынбасары - Байқаушы
кеңесінің төрағасы болып

Мыңбаев С.М. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
орынбасары

Ертілесова Ж.Ж. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің
бірінші орынбасары

Молдахметов Н.С. - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің
бірінші орынбасары

Ержанов О.С. - Қазақстан Республикасының Ұлттық банк
төрағасының орынбасары

Соболев В.В. - Қазақстан Республикасы Инвестициялар
жөніндегі мемлекеттік комитетінің директоры

Тәтішев Е.Н. - "ТұранӘлем Банкі" басқармасының төрағасы